



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

legally valid document / юридически действительный документ.

В дипломатических документах можно выделить ряд лексико-семантических групп существительных: топонимы, имена собственные (в т.ч. номенклатурные номинации), узкотематические термины, дипломатические термины, общеупотребительная деловая лексика, делопроизводительные термины. Отдельную лексико-семантическую группу составляют числительные, элементы логической связи.

Список использованных источников:

1. Алексеева И.С. Введение в переводоведение: Уч. пос. для вузов. – М.: Академия, 2004. – 352 с.
2. Максимов В.И. Стилистика и литературное редактирование. – М.: Гардарики, 2004. – 651 с.
3. Белянин В.П. Психолингвистические аспекты художественного текста. – М.: Изд-во Московского ун-та, 1988. – 123 с.
4. Карасик В.И. О типах дискурса // Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: Сб. науч. тр. – Волгоград: Перемена, 2000. – С. 5-20.
5. Бархударов Л.С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода. – М.: Междунар. отношения, 1975. – 240 с.

ӘОЖ 81'25:338.48

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ РЕАЛИЯ СӨЗДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ерболатқызы Айдана

aidu_95@mail.ru

6М020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Киманова Л.Б.

Туризм әрбір мәдениет, қоғамдастық, кәсіби топтардың ең қарқынды дамып келе жатқан экономикалық салаларының ажырамас бөлігі болып табылады.

Туристік дискурс, кез келген институционалдық дискурс түрі ретінде күрделі көпжақты білім саласын қамтиды, онда іскерлік, шоп-туризм, спорт, экстремалдық, тарихи, қажылық, әдеби, гастрономиялық және басқа да көптеген туризм түрлері кіреді. Олар саяхатшылардың кәсіптік қызығушылықтарына, жаһандық туризм үрдістеріне, жеке қызығушылықтың өзгеруіне, жеке мүдделеріне, сәнге және тағы басқа факторларға байланысты [1].

Сол себепті заманауи туристік қызметтегі дискурс мәдениетаралық және кросс мәдени жаһандану жағдайларында қалыптасады және коммуникативтік жоспарларында тілдік қолжетімділікті көздейді. Бұл аспект туризм саласындағы аудармашылық қызмет көрсетудің жоғары сұранысын көрсетеді. Аудармашы мәдениетаралық коммуникацияда делдал ретінде саналады. Аударма ісі дәстүрлі жағдайларымен, белгілерімен және жалпы коммуникация міндеттерімен және коммуниканттардың прагматикалық бағдарламаларымен айқындалады.

Аудармашылардың жұмысында кездесетін әрбір туристік мәтіндер – лингво-мәдениеттік құрамы айқын бейнеленген мәтіндер бөлігі болып табылады. Түрлі жанрдағы туристік мәтіндердің дәстүрлі ерекшеліктері туристік дискурстың ең маңызды стратегиясына бағынады – ұсынылып отырған туристік қызметтердің жоғары деңгейде оң бағаланыуын қалыптастыру. Туристік мәтіндерді аударуда аудармашылардың алдында қиын прагматикалық мәселелер тұрады және олар аудармашыдан прагматикалық тәжірибе және кәсіби білім алу барысындағы сәйкес дайындықты талап етеді.

Екі түрлі мәдениет тілдік байланысқа түскен кезде көптеген тілдік бірліктер этникалық

мәнге ие болады. Белгілі бір мәдениеттің түсінігін көрсететін коммуникативтік бірліктерді аудару аудармашыға көп қиыншылықтар туғызады. Аудармада сөздің ерекше ұлттық-мәдени компоненттің табу және оны барабар вербалды түрге аудару ең үлкен қиыншылық болып есептеледі.

Ең алдымен «туристік дискурс» және «реалия» терминдерінің анықтамасын айқындап алайық. Жоғарыда айтылған мәнге ие туризм саласындағы қарым-қатынасты туристік дискурс деп түсінеміз. Туристік дискурстің басқалардан айырмашылығын көрсететін өзіне ғана тән бірнеше ерекшеліктері бар. Ол туристік қызметтегі сатушылар мен тұтынушылар арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігіне байланысты құрылған белгілі-бір жанр түріне сүйенеді.

С.И. Влахов және С.П. Флоринге сәйкес, *реалия сөздер* деп белгілі бір ұлтқа немесе белгілі бір елге ғана тән, олардың тұрмысынан, қоғамдық өмірінен, мәдениетінен хабар беретін сөздерді ұғамыз [2].

Лингвистикалық құбылыс ретінде реалиялар баламасыз лексика категориясына жатады. Олар фондық білімнің бір бөлігі бола отырып, тіл мен мәдениет байланысын зерттеуде үлкен қызығушылық туғызады. «Мамандар тілдің әлеуметтік жағына көбірек көңіл бөлуде, ол тілдің және сол тілде сөйлейтін халықтың тіршілік әрекетінің байланысын көрсетеді» [3].

Тілдің зерттелу тарихына көз жүгіртетін болсақ, бұл саланың бұрынғы дәуірлерден бері қызығушылық тудырып және қарқынды зерттелгеніне куә боламыз. Тіл – бұл жер бетіндегі мәдениетте адамның болмысында жатыр, сондықтан XIX ғасырдан бері және осы күнге дейін тіл мен мәдениет қарым-қатынас мәселесі лингвистикадағы орталық мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені шешудің алғашқы әрекеттері Гумбольдт (1985) еңбектерінде зеттрелінеді, негізгі ережелері төмендегідей тұжырымдама қорытындыланды:

1. материалдық және рухани мәдениет тілде жүзеге асады;
2. әрбір мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты әлемнің ерекше көрінісі арқылы беріледі; Әр тілде ұлтқа тән тілдік ішкі нысаны болады;
3. тілдің ішкі нысаны – «халық рухының», оның мәдениетінің сөйлемшесі;
4. тіл адам мен оның айналасында әлемнің арасындағы делдалдың буыны болып табылады.

В. Гумбольдта тұжырымдамасы А.А. Потебняның «Ой және Тіл» атты шығармасында ерекше көрініс тапты [4]. Сонымен қатар Ш.Балли, Ж.Вандриес, И.А. Бодуэна де Куртенэ, Р.О. Якобсон жұмыстарында да зерттелді.

Е. Ф. Тарасов атап өткендей, тіл мәдениетке енгізілген, себебі белгі «денесі» (білдіретін) мәдени мәнді болып табылады, сол арқылы адамның тілдік және коммуникативтік қабілеті анықталады, белгінің мәні – бұл сондай-ақ тек адам қызметінде жүзеге асатын мәдени білім. Сонымен қатар барлық мәдениет мәтінде берілетіндіктен, ол да тілге енгізілген.

Тіл және мәдениет қатынасы өте күрделі және көп қырлы болып табылады. Бүгінгі күні, осы мәселені шешуде бірқатар тәсілдер байқалады [5].

Бірінші көзқарас ресейлік философтар негізінен әзірленді – С.А.Атановский, Г.А.Брутян, Е.И. Кукушкин, Э.С. Маркарян. Бұл тәсілдің мәні: тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасы бір бағытта қозғалыста болып табылады; өйткені тіл әділдікті береді, ал мәдениет халықтың алдында тұрған әділдіктің ажырамас құрамдас бөлігі. Сондықтан тіл – мәдениеттің қарапайым көрінісі.

Егер мәдениеттің тілге әсері әбден анық болса, онда кері әсері, тілдің мәдениетке тигізетін әсері әзірше ашық. Оны тіл және мәдениет ара-қатынасы мәселесіндегі **екінші көзқарастың мәні** десек болады. Үздік ақыл иелері XIX ғ. (В. Гумбольдт, А. А. Потебня) тілді рухани күш ретінде түсінді. Тіл – бұл бізді қоршаған орта және оның қатысуынсыз біз өмір сүре алмаймыз.

Демек, біздің орта ретінде, тіл объективті шындық ретінде біз жоқ жерде өмір сүрмейді, ол біздің санамызда, біздің есімізде болып табылады; ойдың әрбір қозғалысында және әрбір жаңа әлеуметтік-мәдени рөлде ол өз кескінің өзгертеді.

Екінші зерттеу тәсілінде бұл мәселені *лингвистикалық қатынас гипотезасын* ұсынған Э.Сепир және Б.Уорф мектебі зерттеді. Бұл гипотезаның негізінде адамдар әлемді өз ана тілі призмасы арқылы түрліше көреді деген сенім жатыр. Оның жақтастары үшін шынайы әлем тіл арқылы беріледі. Бірақ, егер әрбір тіл шындықты өзіне ғана тән тәсілмен берсе, демек тілдер «әлемнің тілдік бейнесімен» бір-бірінен ерекшеленеді [6].

Тіл және мәдениет өзара байланысын одан әрі талқылау **үшінші көзқарасқа** тиесілі.

Тіл – мәдени факт, өйткені: 1) ол біз ата-бабаларымыздан еншіленген мәдениеттің құрама бөлігі; 2) тіл – мәдениетті меңгерудегі негізгі аспап; 3) тіл – барлық мәдени құбылыстар тәртібінің аса маңыздысы, өйткені егер біз ғылым, дін, әдебиет мәдениетінің мәнін түсінгіміз келсе, онда оларды тіл тәріздес қалыптасқан жады ретінде қарауымыз керек. Ал тіл ең озық әзірленген үлгі болып саналады.

К.Леви-Строс атап өткендей тіл бір кезде мәдениеттің өнімі және оның ең маңызды құрамдас бөлігі, сондай-ақ мәдениет тіршілігінің шарты. Сонымен қатар, тіл – мәдениет өмір сүруінің тәсілі, мәдени жадтарды жинақтау факторы.

Негізгі тілде берілген референциалды мағыналарды аудару кезінде аудармашының тап болатын басты мәселесі – негізгі тіл (НТ) және аударма тіл (АТ) бірліктері мағыналарының шеңбері бір-біріне сәйкес келмеуі [7].

Л.С. Бархударовтың айтуы бойынша екі тілдің лексикалық бірліктері арасында мағыналық сәйкестіктің барлық түрлерін үш негізге келтіруге болады [8]:

1. Толық сәйкестік;
2. Жартылай сәйкестік;
3. Сәйкестіктің болмауы;

Егер, бір тілдің құрамындағы лексикалық бірлікке екінші тілдің сөздік құрамында сәйкестік мүлде болмаса, онда сөз *баламасыз лексика* жөнінде болмақ. Баламасыз лексика терминін Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров енгізген. Олардың түсінігі бойынша баламасыз лексика бұл «басқа тілде және басқа мәдениетте жоқ ұғымды білдіру үшін қызмет атқаратын, жеке мәдени элементтерге жататын сөздер, яғни бұл мәдениет элементтері тек бір ғана А мәдениетіне тән, ал екінші Б мәдениетінде жоқ, сондай-ақ басқа тілге аударылмайтын сөздер, бір сөзбен айтқанда, аталмыш тілден тыс баламалары жоқ сөздер».

Отандық ғалымдардың бірі А.С. Ермагамбетов көркем әдебиеттерден алынған реалия сөздерді аударма барысында классификациясын жасады. Барлық реалия сөздер өз кезегінде бірнеше топтарға бөлінетін негізгі 3 үлкен топтан тұрады [9]:

А. Әлеуметтік-тарихи болмысы:

1. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің және елді мекендердің атауын;
2. Өмір сүру жағдайы және кәсіптерімен байланысты атаулар;
3. Әлеуметтік топ, шендер және лауазымдар атаулары;
4. Халық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, рәсімдер атаулары;
5. Халқытың мәдениетімен байланысты атаулар;

Б. Географиялық және этнографиялық болмысы:

1. Географиялық ұғымдар;
2. Этнографиялық ұғымдар.

В. Күнделікті өмірде болмысы:

1. Тұрғын үй, тұрғын үй интерьері, ыдыс-аяқ;
2. киім, бас киім, зергерлік бұйымдар элементтері;
3. Ұлттық тағам, сусындар;
4. Музыкалық аспаптар атаулары;
5. Шаралар.

С.Влахов және С.Флорин ұсыған болмыстың толық жіктелуі бізге оларды бірнеше жағынан қарастыруға мүмкіндік береді: оларды коннотациялық мәндері бойынша бөлу, яғни жергілікті (ұлттық, аймақтық) және уақытша (тарихи) колорит [2].

Жіктеудің жалпы схемасы: Жер бойынша жіктеу атаулары бірнеше шартты, өйткені болмыс сол немесе өзге топқа қатаң жергілікті белгісімен жатқызылмайды, екі жақтың тығыз

байланысын және екі жақты келісілген критерийлерді есекереді:

1) ұлттық керек-жарақтары таңбаланатын объектілер болмысы (референт) және 2) аудару тілдерінде қатысушылары.Неғұрлым тиімді негіз қатаң емес жергілікті бөлумен ұсынылады, яғни экстралингвистикалық, дәлірек айтқанда, реалия сөздерді тілдік принципі бірінші кезекте қарауға мүмкіндік береді: 1) бір тіл жазықтығында,яғни,өз және өзге тілдер) жұптар тілдері жақыстығында, яғни ішкі және сыртқы.

Көптеген аудару теориясы және практикасы көздерінің мәліметтерін жүйелеген кезде реалия сөздерді аударудың келесі негізгі тәсілдері анықталды. Олар: *транслитерация, транскрипция, калькалау*, тілде бар болған элементтердің арқасында жаңа сөздерді тудыру, ұқсас аударма, контекстің ішінде дәлденетін грамматикалық ауыстыру. Енді осы тәсілдерге жеке-жеке тоқталайық:

Транслитерацияда аударылатын тіл құралдарымен бастапқы тіл сөзінің графикалық формасы, ал транскрипцияда оның дыбыстық формасы беріледі. Бұл тәсілдер шет тілдік жалқы есімдерді, географиялық атауларды, әртүрлі компаниялар, фирмалар, пароходтар, газет, журналдар және т.б. атауларын бергенде қолданылады.

Толық транслитерация: (орыс тілінен қазақ тіліне) хан-хан, би-би.

Аудару тілінің сөз жасау және морфология ережелеріне сәйкес, шет түбірінің *жұрнақтары немесе жалғаулары арқылы* транслитерация жасалады: uniform – униформа.

Реалияларды аудару кезінде транслитерация өте шектеулі қолданылады. Ол туралы негізінен қоғамдық-саяси ұғымдарды немесе жалқы есімдерді аударғанда ғана айтуға болады. Кейбір кездерде транслитерация және транскрипция тәсілдерінің ұқсастығына байланысты оларды ажырату қиыншылық тудырады.

Транскрипция – бұл аударма мәтінге аудару тілінің графикалық амалдары арқылы енетін реалия сөздер. Ол фонетика жағынан максималды түрде түпнұсқада берілген фонетикаға жақын болады: Würstchen – вюрстхен, қазы - qazy

Транскрипция көбінесе кең таралған публицистикада және көркем шығармаларда мәтіннің сипаттамасына қарай қолданылады. Автордың сөзінде және толық сипаттаумен берілген мәтінде транскрипция ең жақсы шешім болып табылады. Өйткені сондай мәтіндерде реалия сөздерді кеңірек ашу мүмкіндігі туады.Көбінесе транскрипция таныс реалия сөздер үшін:интернационалдық,аймақтық,өз реалиялары үшін қолданылады.

Транскрипцияның аудару тәсілі ретінде негізгі құндылықтардың бірі максималды түрдегі ықшамдық.Осыған қарамастан басқа бір аудару тәсілі сияқты транскрипцияны байқап қолдану қажет. Кейде ұлттық нақышты жеткізгенде реалияның мағынасы екінші орынға жылжиды да, аударманың коммуникативті мәселесі жүзеге асырылмай қалады.

Транскрипцияланған сөздердің көп болуы мәтіннің реалиямен асып толуына әкеледі. Ал ол оқырманды түпнұсқамен жақындатпай, керісінше қашықтатады.

Кейбір кездерде транскрипцияны басқа талдау амалдармен бірге қарыстыру қажет. Әсіресе, бұл «аудармашының құрмалас достарына» (реалия сөздерге) байланысты. Мысалы, неміс сөзін «Pfund» (500 гр.) қазақ тіліне «фунт» (409,5 гр.) сөзімен аударғанда, сілтемеде осы айырмашылықты жазып белгілеу керек.

Ұқсас аударма

Осы аударма тәсілі өте жиі қолданылады. Мысалы, көп таралған тәсіл функционалды эквивалентті таңдау. Бұл тәсіл бойынша аударма оқырманда түпнұсқа оқырманында туатын ассоциацияларыға сәйкес ассоциациялар туғызады.

Контекстуалды аударма

Бұл тәсіл өз қағидасы бойынша ұқсас аударма тәсіліне ұқсайды, бірақ сөздік аудармаға қайшы. Өйткені осы тәсілдермен аударылып жатқан сөздің мағынасы сөздікте берілген оның эквивалентінің мағынасынан тыс болуы мүмкін. Сонда аудармашы негізінен контекстке бейімделеді. Бұл тәсілдің мәні – сөздікте берілген сөзді контекстке, логикалық жағынан байланысты сөзбен алмастыру.

Реалияны алмастыру

Кейбір ғалымдар (мысалы, Влахов және Флорин) бастапқы мәтінде берілген реалияны

аударма тіліндегі реалиямен алмастырып, «реалияны алмастыру» тәсілін қолдануды ұсынады. Алайда, осындай алмастыру реалияны бүкіл мәтіннен оқшаулайды. Осындай жағдайда шартты аударылып жатқан немесе аудармашымен ұсынылған сөздің ұлттық нақышы жоғалады. Басқа реалия сөздерді қолданған кезде ұлттық нақыш өзгеріліп, оқырмандар өз назарларын автордың ойынша маңызды емес және ешқандай маңызы жоқ ұсақ бөлшектерге аударады.

Сипаттамалы аударма

Сипаттамалы аударма қолданылған кезде реалияның мазмұны ашылады. Егер аудармашыда басқа елдің заты немесе құбылысы туралы мәліметі, білімі жеткілікті болса, егер де ол осы реалия нені белгілейтінін білетін болса, онда сипаттамалы аударма дұрыс болады. Мысалы: жүз – жуз (исторически сложившиеся объединения казахов) – Zhuz (historically established unions of Kazakh tribes). Реалия сөздерді аударудың барлық тәсілдерін келесі схемамен белгілеуге болады:

- 1) транслитерация, транскрипция;
- 2) калькалау, жартылай калькалау, семантикалық неологизм;
- 3) ұқсас аударма;
- 4) контекстуалды аударма.

Сонымен, реалияны аударғанда белгілі бір тәсілді таңдау үшін, аудармашы оның алдында тұрған мақсатты нақты анықтау керек: тіл бірлігінің ұлттық нақышын сақтап, семантикаға кемістік келтіру немесе реалияның мағынасын жеткізіп, ұлттық колоритті жоғалту.

С.Г.Тер-Минасова пікірінше, реалиялары бар түпнұсқа мәтіннің аудармада барабарлы қабылдауы мүмкін. Бұл үшін аударма тілінде «қоғамдық-мәдени түсініктемелер берілуі керек. Алайда аударма амалдары осы тілде сөйлейтін адамдар үшін түсінікті болу қажет [10].

Төмендегі кестеден (Кесте 1) Астана бойынша жолсерік № 1 (1), 2016; Журнал-жолсерік «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ және Астана қаласы Әкімдігінің тапсырысы бойынша шығарылған жолсерік кітапшасындағы реалия сөздердің аударылуы мысал ретінде алынды.

Туризм саласындағы мәтіндерді аудару барысындағы қиындықтардың бірі – реалия сөздер. Олар біздің еліміздің мәдениетін, тарихын, өмір сүру жайын, салт-дәстүрін көрсететіндіктен мәтінде алатын рөлі зор. Ал еліміздің астанасына қонаққа келген басқа ұлт өкілдері жолсеріктермен танысу барысында түсініспеушілік және қиыншылықтар болмауы үшін аудармашы өз кезегінде бұл ерекше сөздерге аса мұқияттық танытып, жоғарыда аталған тәсілдерді дұрыс қолдана білу керек.

Кесте 1

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Аялы алақан	Аялы алақан	Ayaly Alaqañ
Бесік	Бесік «колыбель»	Besik(which means “cradle”)
“Мәңгілік ел” салтанат қақпасы	Триумфальная арка “Мәңгілік ел”	Mangilik El triumphal arch
“Қазақ елі” монументі	монумент “Қазақ елі”	“Kazakh Eli” monument
Дастархан	дастархан	dastarkhan (table)
Сорпа	бульон (сорпа)	Broth called “Sorpa”
Бешбармақ	“бешбармак” означает пять пальцев	beshbarmak means ‘five fingers’ because it is usually eaten with one’s hand
Қазы	Казы	Qazy
Шұжық	Шужык	Shuzhyk
Қуырдақ	Куырдак	Quyrdaq
Бауырсақ	Бауырсаки	Bauyrsaq

Қымыз	Кумыс	Kymyz
Ірімшік	Иримшик	Irimshik
Жент	Жент	Zhent
Талқан	Талған	Talqan
Шұбат	Шебат	Shubat
Сарыарқа даңғылы	Проспект Сарыарқа	Saryarka Avenue
“Ақорда” ҚР Президентінің резиденциясы	резиденция Президента Казахстана “Ақорда”	“Ak Orda”, official residence of the President of Kazakhstan
“Нұржол” желек жолы	Бульвар Нуржол	Nurzhol Boulevard
“Керуен” СОСО	ТРЦ “Керуен”	Keruen Shopping and Entertainment Centre
“Қазақтан темір жолы” ҰК ғимараты	“Қазақтан темір жолы” ҰК ғимараты	Kazakhstan Temir Zholy building
Жер ана ескерткіші	Памятник Жер-ана	The Zher –Ana monument
Жуз	жуз (исторически сложившиеся объединения казахов)	Zhuz (historically established unions of Kazakh tribes)
Хан	Хан	khan
Би	Би	Bi (judge)
Қалалық әкімдік	столичный акимат (мэрии)	Capital’s akimat (mayor’s office)
Тамғалы	Тамгалы-Тас	Tamgaly Tas
Наурыз	Наурыз	Nauryz
Киіз үй	Юрта	yurt
Ақындар айтысы	Айтыс акынов – песенное состязание поэтов-импровизаторов	Akyn’s aitys – a singing competition by improvisational poets
“Киіз басу”	“Киіз басу”	Kiiz basu – a felt mating workshop
“Ат жалында”	“Ат жалында”	‘At zhalynda’ horse riding ethno show
Қазақтың ұлттық ойыны - көкпар	Казахская национальная игра Кокпар	Kazakh national game ‘kokpar’
Домбыра	Домбра	Dombra
Қамшы	Камча (плетка)	Qamshy
Шапан	Чапан - расшитый узорами кафтан	Shapan, a kaftan embroidered with patterns

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Митягина В.А. Коммуникативные действия в туристическом дискурсе // Иностранные языки в высшей школе: Науч. журн. Вып. 4 (11)/Рязанский госуниверситет им. С.А. Есенина. – Рязань: Изд-во «Рязань», 2009. – С. 88-97.
2. Влахов С., Флорин С. Непере译димое в переводе. – М.: Высшая школа, 1986. – 416 с.
3. Аксенова Г.Н. Язык, культура и бытийная картина мира / Г.Н.Аксенова – Уфа: РИО Госкомиздата БАССР. – 167 с.
4. Потебня А.А. Мысль и Язык, Лабиринт. – М.: 1999. – 300 с.
5. Тарасов Е.Ф. (ред.) Язык и сознание: парадоксальная рациональность. – М.: Легион, 1993. – 402 с.
6. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: 1993
7. Казакова, Т.А. Практические основы перевода / Т.А.Казакова. – СПб.: Союз, 2001. – 178 с.
8. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
9. Ермагамбетова А.С. Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественных произведений и способы их перевода. Автореферат дисс.канд.филол. наук. – Алма-Ата, 1972. – 33 с.

ӘОЖ 81'255

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жұмабай Жазира Мұратқызы

zhazira.karbayeva@nu.edu.kz

Назарбаев Университеті Инженерия мектебінің 2-нші курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Адаева Е.С.

Қазақстан Республикасының қарқынды дамуының бірден бір белгісі – индустрия мен техниканың алға шығуы. Бұл салалардың өркендеуіне кәсіби білікті мамандардың даярлануы септігін тигізетіні сөзсіз. Осы орайда техника саласындағы мамандардың сапалы білім алуы үшін арнайы оқу құралдары, кітаптар мен нұсқаулықтар қажет. Білім мен тәжірибе көбінесе шет елдерден алынады. Сондықтан студенттерге ұсынылатын қазақ тіліндегі техникалық оқу құралдары нақты, анық және түсінікті тілде аударылуы тиіс. Біз бұл мақалада орыс тіліндегі «Монтаж стальных и железобетонных конструкций» атты оқу құралын аудару тәжірибемізді негізге ала отырып, техникалық мәтіндерді тәржімалау ерекшеліктеріне тоқталмақпыз [1]. Сондай-ақ, құрылыс саласындағы мәтіндерді аудару барысында кездесетін қиындықтар мен кемшіліктерді саралай отырып, олардың алдын-алу шараларын қарастырамыз. Мақала авторының аудармасындағы аталған оқу құралы 2013 жылы «Болат және темір-бетон құрылымдарын монтаждау» деген атаумен жарық көрген [2].

Аударма құбылысы – едәуір еңбекті талап ететін, өзіндік өнер, әсіресе техникалық әдебиеттердегі ғылыми мәтіндерді аудару оңай емес. Әрбір сөздегі, әр сөйлемдегі ақпаратты толықтай сәйкестікпен жеткізу қажет. Ғылыми-техникалық мәтіндерді аудару ақпараттық аудармаға жатады. Ең алдымен, техникалық оқу құралдарының ғылыми стильде жазылатындығы туралы ұмытпаған жөн. Белгілі аударматанушы И. Кашкиннің айтуы бойынша, аудармашының дербестігі стильде көрініс табады және аудармашы ісінің басты мақсаты стильді түсіну болып табылады. Сондықтан, жазылу жүйесі нақты, логикалық және дәл болуы тиіс. Сонымен қатар, әдеби тіл нормаларының қатаң сақталуы және терминдердің дұрыс қолданылуы шарт [3, б. 58-61]. Ал, ғалым Л. И. Борисованың ойынша, ғылыми-техникалық аударманың лингвистикалық теориясында жалпы стильдік мәселелерге назар аударған жөн. Себебі әр түрлі тілдердің ғылыми-техникалық мәтіндерінің ішкі стильдік нормалары әр түрлі болады. Нәтижесінде осы типтік мәтіндерді бір тілден екінші тілге аудару кезінде стильдік түрлендіру мәселесі пайда болады. Ғылыми стильге қойылатын негізгі талаптарға (логикалық сипат, дәлдік, объективтілік) сәйкес бұл стиль екі тілде де әмбебап ерекшеліктерді көрсетеді, бірақ лексиканы, сөздердің фонетикалық түрлерін, морфологиялық түрлерді, сөздердің тіркесуін, синтаксистік құрылысты таңдау әр тіл үшін өзгеше болады. Мысал үшін, «Ручки лопат, кельм, молотков должны быть гладкими; работа с инструментом, имеющим надломы и трещины на ручках, запрещается» сөйлемі «Күректердің, кельмдердің, балғалардың тұтқалары жылтыр болуы тиіс; тұтқаларында жарықтарға және сызаттарға ие болатын құралмен жұмыс істеуге тыйым салынады» болып аударылады [1, б. 98], [2, б. 99]. Бұл аударма бөлігінде бастапқы сөйлемге қарағанда сөздер басқа тәртіппен орналасқан және «работа» зат есімі «жұмыс істеу» тұйық етістігімен алмастырылған.

Техникалық мәтін төмендегідей лингвистикалық параметрлермен сипатталады: тақырып (техникалық мәтіннің негізгі құрамы), фокус (функционалдық стильге тән техникалық терминдер, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер мен стильдік әдістер), байланыстар (әр түрлі сөйлеу бөлшектерін біріктіру құралдары) және арнайы аудитория (кәсіби топтар, шағын мамандар, кәсіпқой мамандар). Ғылыми және техникалық әдебиеттің негізгі мақсаты